## Қазақстан Республикасының Орман кодексін іске асыру жөніндегі шаралар туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 26 қыркүйектегі N 231-ө өкімі. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің 2004.12.30. N 383 өкімімен.

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Орман кодексін іске асыру мақсатында қабылдануы қажет Қазақстан Республикасының Үкіметі кесімдерінің тізбесі (бұдан әрі - Тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық кесімдердің жобаларын әзірлесін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне енгізсін.

3. Орталық және жергілікті атқарушы органдар екі ай мерзімде Қазақстан Республикасының Орман кодексін іске асыру мақсатында тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық кесімдер қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

*Премьер-Министр*

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2003 жылғы 26 қыркүйектегі
N 231 өкімімен бекітілген

## Қазақстан Республикасының Орман кодексін іске асыру мақсатында қабылдануы қажет Қазақстан Республикасының Үкіметі кесімдерінің тізбесі

Ескерту. 15-жолға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.09.15. N 266 өкімімен .

| р/с N | Қазақстан Республикасының Үкіметі нормативтік құқықтық кесімінің атауы | Орындалу мерзімі | Жауапты орындаушы |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |

1. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ормандарды күзету, қорғау, молықтыру және орман өсіру жөніндегі нормалар мен нормативтерді бекіту туралы — 2003 жылғы қыркүйек — АШМ
2. Орман шаруашылығы мемлекеттік мекемелерін құру және олардың қаражатын пайдалану ережесін бекіту туралы — 2003 жылғы қыркүйек — АШМ
3. Орман қорының мемлекеттік есебін жүргізу ережесін бекіту туралы — 2003 жылғы қыркүйек — АШМ
4. Мемлекеттік орман қорының учаскелерінде орман ресурстарын ұзақ мерзімді пайдалануға беру жөніндегі тендерлерді өткізу ережесін бекіту туралы — 2003 жылғы қазан — АШМ
5. Мемлекеттік орман қорының учаскелерінде сүректі түбірімен босату ережесін бекіту туралы — 2003 жылғы қазан — АШМ
6. Мемлекеттік орман қорының учаскелерін ғылыми-зерттеу мақсаттары үшін пайдалану ережесін бекіту туралы — 2003 жылғы қазан — АШМ
7. Мемлекеттік орман қорының учаскелерін мәдени-сауықтыру, рекреациялық, туристік және спорттық мақсаттар үшін пайдалану ережесін бекіту туралы — 2003 жылғы қазан — АШМ
8. Мемлекеттік орман қорының учаскелерінде жануарлар дүниесін, оның ішінде аңшылық шаруашылығының мұқтаждары үшін пайдалану ережесін бекіту туралы — 2003 жылғы қазан — АШМ
9. Мемлекеттік орман күзеті туралы ережені бекіту туралы — 2003 жылғы қараша — АШМ
10. Өзендердің, көлдердің, су қоймаларының және басқа да су объектілерінің жағалауларындағы ормандардың тыйым салынған белдеулерінің енін белгілеу ережесін бекіту туралы — 2003 жылғы қараша — АШМ
11. Жеке және заңды тұлғалардың орман қоры туралы ақпаратты пайдалану ережесін бекіту туралы — 2003 жылғы қараша — АШМ
12. Орман орналастыруды жүргізу ережесін бекіту туралы — 2003 жылғы желтоқсан — АШМ

| | | | |
|---|---|---|---|
| 13. | Ормандардың мемлекеттік мониторингін және мемлекеттік орман кадастрын жүргізу ережесін бекіту туралы | 2003 жылғы желтоқсан | АШМ |
| 14. | Шаруа қожалықтары мен өзге де ауыл шаруашылығы ұйымдарының мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен құрылған ауыл шаруашылық мақсаттағы жерлерде агроорманмелиоративтік екпелерді сатып алу ережесін бекіту туралы | 2003 жылғы желтоқсан | АШМ, ЖРА |
| 15. | Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ағаш кесу ережесін бекіту туралы | 2004 жылғы желтоқсан | АШМ |

---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК